



БҰЙРЫҚ

15 сәуір 2016 ж

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *318*

город Астана

«Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының 2015 жылғы жылдық қаржы есептілігін бекіту және таза табысын бөлу туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына және 178-бабының 3-тармағына, «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 6 шешіміне, 2016 жылғы 18 наурыздағы «International Audit» ЖШС тәуелсіз аудиторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2016 жылғы 13 сәуірдегі № КГИП-5-2808-КГИП-1235 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының 2015 жылғы жылдық қаржы есептілігі бекітілсін (010000, Астана қаласы, Орынбор көшесі, 8, 6-кіреберіс, БСН:990440000385, ЖСК:KZ41070KK1KS00200004, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ, БСК:ККМФКЗ2А).

2. «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамының 2015 жылдың қорытындысы бойынша алынған 71 210,02 (жетпіс бір мың екі жүз он теңге екі тиын) теңге мөлшеріндегі таза табыстың 100 (жүз) пайызы «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге республикалық бюджеттің кірісіне жіберілсін.

